



БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы – ректор

А.М. Наметов

« 15 » 04 20 22 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МОНИТОРИНГІ

СМЖ.09.ҚЕ.02.

№ 05 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 11.04.2022 ж. Алмагамбетова М.Ж. Пащенко Н.Н.	Келісілді: 14.04.2022 ж. Таубаев У.Б. Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б.	Енгізілді: 18.04.2022 ж. СМЖ.09.ҚЕ.02. 05.09.2022 ж. орнына Қайта қаралуы: 18.04.2025 ж.
---	--	---

Мазмұны

1. Мақсаты
2. Қолданылуы
3. Терминдер және қысқартулар
4. Жауапкершілігі және өкілеттігі
5. Сипаттама
6. Құжаттама
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізу мерзімі	Бет саны	Дайындаған	
			Аты-жөні, тегі	Қолы

1. Мақсаты

Бұл ереже Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіндегі (бұдан әрі – университет) білім беру сапасын басқару жөніндегі мониторинг жүйесінің қызметін реттейді және негізгі мақсаты білім беру саласы бойынша көрсетіп отырған қызметтерінің сапасы жөніндегі мониторинг жүйесінің тиімді қалыптасуына ықпал ету.

2. Қолданылуы

Бұл ереже мониторингті ұйымдастыру және өткізу процесіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелердің жетекшілеріне, ПОҚ-на, университет қызметкерлеріне арналған.

3. Терминдер және қысқартулар

3.1 Терминдер

3.1.1 Осы рәсімде қолданылатын терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесіне сәйкес келеді. Талаптар.

Сапа менеджменті жүйесінің жазбаларын басқару кезінде СМЖ.07.ҚР.01. – Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген терминдер де қолданылады.

3.1.2 Процесті сипаттау кезінде төмендегі терминдер қолданылады:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді даярлау сапасы – бұл маман даярлаудың әртүрлі қажеттіліктерге, мақсаттарға, талаптарға, нормаларға, стандарттарға теңдестірілген сәйкестігі.

Білім беру сапасының нормасы – белгілі бір құрылым мен деңгейдегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ретінде қоғам мен тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім сапасына қойылатын талаптардың анықталған, танылған, құжатпен ресімделген жүйесі.

Білім беру сапасының критериялары – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасының белгіленген нормаларға, талаптарға, эталондарға, стандарттарға сәйкестік дәрежесінің белгілері.

Білім беру сапасын бағалау – қасиеттерді өлшеудің эталондық деңгейді, сапа нормасын белгілейтін базамен арақатынасын білдіретін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасының өлшемі.

Білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйі мен нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

Білім беру сапасының мониторингі – білім беру жүйесінің қызметі туралы, сондай-ақ білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру туралы ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату жүйесін білдіреді.

3.2 Қысқартулар

Процесті сипаттау кезінде келесі қысқартулар қолданылады:

ОЖЖП – оқу жұмыстары жөніндегі проректор

БЖ – бөлім жетекшілері

БҚ – бөлім қызметкерлері

ББМжМББ – Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасының басшысы

ББМжМБМ – Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасының маманы

4. Жауапкершілігі және өкілеттілігі

Университетте білім беру қызметтерінің мониторингін ұйымдастыру сапасын қамтамасыз ету Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасының жауапкершілігі болып табылады.

Іске асырылатын білім беру процестерінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру мақсатында білім алушыларға, жұмыс берушілерге, тұлғалар мен ПОҚ-ға сауалнама жүргізуді ұйымдастыру институттың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комитетінің жауапкершілігі болып табылады.

Мониторингті жүзеге асыратын тұлғалар, ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен объективтілігіне, сондай-ақ мониторинг деректерін пайдалануға, оларды өндеуге, нәтижелерді талдауға дербес жауапты болады.

5. Сипаттама

5.1 Жалпы ережелер

Мониторинг – күрделі нысанның параметрлері туралы ақпаратты жүйелі түрде немесе үздіксіз жинау процесі.

Білім беру қызметінің мониторингі – білім беру процесін басқаруды тиімді жасайтын құрал. Білім беру мониторингі жүйесі білім беру сапасының қызметін қамтамасыздандыру және жоғарылату мақсатында жоғары деңгейде университеттің негізгі тапсырмаларын шешуге бағытталған.

Білім беру мониторингінің негізгі тапсырмалары:

- білім беру жүйесінің жағдайын толықтай сапалық және сандық қамтамасыз ететін кешен көрсеткіштерін өндіру;

- білім беру жүйесін дамытудағы оң және теріс тенденцияларды анықтау, білім беру жүйесінің дамуы мен жай-күйі туралы ақпараттарды жүйелік талдау.

- білім беру жүйесінде болып жатқан процестер туралы ақпараттарды жыл сайын қамтамасыз ету және көрнекі түрде ұсынып отыру;

- білім беру жүйесін өркендету, жағдайын болжау және ақпараттық қамтамасыз ету, сонымен қатар басқару жобаларының шешімін өндіру.

- білім беру сапасын әлемдік зерттеулермен салыстыра отырып нәтижесін талдау.

Білім беру процесі сапасының мониторинг жүйесін тиімді құру үшін үш тапсырманы шешу талап етіледі:

- білім беру процесінің мақсаттық сапалы көрсеткіштерін құрастыру;

- мақсатпен жеткен көрсеткіш деңгейін салыстыру және осы негізде білім беру процесінің сапасын бағалау;

- анықталған ауытқуларды минимизациялау мақсатында басқару шарттары мен факторларына әсер етуді өндіру.

Өлшемдердің сапасына қойылатын ең маңызды талаптар (сапа критерилері):

- объективтілік;

- ақиқаттық;

- шапшаңдық;

- сенімділік;

- үнемділік;

- шындық.

Білім беру сапасының мониторингі тиімділікті қамтамасыз ете отырып басқарудың барлық функцияларымен және принциптерімен тығыз байланысты, ақпараттық қамтамасыздандыруға бағытталған, кез-келген уақытта бір объектінің жай-күйін соттауға мүмкіндік береді.

Университет мониторингінің функциялары:

Гностикалық – университеттегі білім беру процесіндегі мәліметтерді жинақтау, жалпылау, талдау.

Болашаушылық – білім беру процесін құрайтын даму шешімінен алынған алдағы мәліметтерді құрастыру.

Бағдарлаушылық – білім беру процесіндегі жекелеген процестердің мағынасын анықтау мүмкіндігі.

Бақылау-бағалаушылық – білім беру процесін дамыту дәрежесін қисынды анықтау.

Түзетушілік – университеттің білім беру процесіндегі өзгертулерді немесе түзетулерді дер кезінде енгізу.

Реттеушілік – университеттің барлық білім беру процесін және жекелеген процесс жағдайын реттеу, бірдей қалыпқа келтіру.

Басқарушылық – университет қызметкерлерінің қызметін бірігіп ұйымдастыру әрекеттерін бағдарлау және келісу

Түрткі болу – бір мақсатты әрекетті орындауға бағытталған университет қызметкерлерінің белсенділігі.

Туғызушы (шығармашылық-креативті) – университеттегі инновациялық, шығармашылық процестердің қисынды дамуына мүмкіндік.

Университеттегі білім беру сапасы мониторингін басқару жүйесінің қағидалары:

– «Бірінші жетекшінің принципі» – бірінші жетекшінің (ректор), құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің (проректор, директор, жоғары мектеп жетекшісі, бөлім жетекшілері, студенттік декандар) қызығушылығы мен жауапкершілігі, мониторинг жүйесінің мотивациясын енгізу, дамыту және университеттегі білім беру қызметін басқару.

– ЖОО процесс сапасын басқару қағидалары.

– Процесс сапасын нәтиже ретінде көрсету қағидалары.

– Университеттің барлық қызмет саласындағы процестер және нәтижелер сапасының динамикасын тұрақты қамтамасыз ететін барлық бағыттағы мониторинг сапасын тұрақты бақылау қағидасы (ҚР СТ ИСО 9001-2016 терминдарындағы «қадағалау»).

– Университеттегі квалиметриялық қордың сапасын тұрақты басқару қағидасы (бағалау рәсімінің, тест кешенінің, бағалау сынауының және т.б.) банкасын жаңарту және кеңейту.

– Университеттің барлық жұмыс саласының сапасын мотивациялық ортаны енгізу арқылы жақсарту үшін университетшілік сапалы кәсіби мәліметті өркендету, құру және басқару қағидасы.

– Университеттің барлық қызметкерлерінің білімінің сапасын жоғарылату мақсатында оларды қолдауға деген қызығушылық және білім сапасының тұрақты оқу қағидасы.

– Мақсатты бағдарламалар негізінде процестердің сапасын барлық бағытта үздіксіз жоспарлау қағидасы.

– Кепілдік сапасының қағидасы (категория бойынша нәтиженің сапасы).

– Университеттегі өзін-өзі басқару және гармониялық тіркесті басқару қағидасы.

– ЖОО дамуы мен жұмыс істеуі тұрақтылығын қамтамасыз ету қағидасы (ЖОО жүйе ретінде сақтау).

– Университет қағидасының, «басқару» стратегиялық мақсатының, ұжымның жоғарғы жетекшілік болып топтасуының сапасын талап ету «бірлескен» немесе кооператив қағидасы.

– Университеттегі сапаны басқаруды «жүйе» түрінде, яғни, міндетті, ұйымдарды, технологияны, ЖОО-ғы сапаны басқаруға бағытталған барлық мақсаттарды жүйелеуді ұйымдастыру қағидасы.

– ЖОО бітірушілердің дайындығының, олардың мансабының сапасын арттыру мақсатында бағытталған өмірлік кезеңнің немесе «сапа кезеңінің» қағидасы.

– Университеттегі білім сапасының мәселелерін университеттің Ғылыми Кеңесінде, институт Кеңесінде, жоғары мектеп отырысында, студенттік топтардың жиналысында және т.б. отырыстарда үздіксіз талқылау қағидасы.

Білім беру сапасының мониторингі ҚР Білім туралы заңына, қолданыстағы құқық және нормативті құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Процестердің кіріс және шығыс мәліметтерінің құрамы, ресурстарға талап

5.2.1 Кіріс мәліметтері болып:

– білім беру қызметінің мониторингін өткізу жоспары;

– университеттің жоғары мектептері мен құрылымдық бөлімшелерінен және сыртқы ұйымдардан келетін қызметтік жазбалар табылады.

5.2.2 Шығыс мәліметтері болып:

- аналитикалық есептер;
- кешенді есеп.

5.2.3 Мониторинг процесіне қажетті еңбек сыйымдылығы мен уақытына қойылатын талаптар жекелеген жұмыс кезеңіне жауаптылармен орнатылады және жүзеге асады.

5.3 Жұмысты жүргізу тәртібі

5.3.1 Білім беру сапасының мониторингі объектілері, субъектілері және әдістері

Мониторинг нысаны: ішкі тұтынушылар (талапкерлер, білім алушылар, бітірушілер, университет оқытушылары мен қызметкерлері), сыртқы тұтынушылар (жұмыс берушілер), негізгі процестер, көмекші процестер, қоғамның өзгеруіне, дамуына университеттің ықпал етуі болып табылады.

Мониторинг субъектілері: жоғарғы басшылық, білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комитеттің мүшелері, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері болып табылады. Мониторинг субъектілері мониторинг процесі мен бағалауды жүргізе алады.

Мониторингтің әдісі тәсілдері: сауалнама өткізу, салыстырмалы бағалау әдісі және сарапшы бағасы, құжат көздерін талдау, динамикалық қатарды, орташа бірлік, базистік қойылымды қабылдау.

Негізгі критериялар: дәреже, тапсырмаларға, талаптарға, нормаларға, мақсатқа сай;

Білім беру сапасының мониторингінің ақпараттық қоры: аналитикалық анықтамалар, есептер, үлгерімі, сабаққа қатысуы, контингент қозғалысы, кадрлар құрам туралы ақпарат; әлеуметтік зерттеулер; университет аккредитациясының материалдары; МАК есептері; ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау материалдары; университет талапкерлері мен білім алушыларын тестілеу қорытындылары; университеттің түлектерінің мемлекеттік қорытынды аттестаттау материалдары; салыстырмалы халықаралық зерттеулер материалдары; университет білім алушыларының байқаулар мен олимпиада материалдары.

Ақпаратты пайданушылар: университет жоғары басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, институттың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комитетінің мүшелері, мониторинг және бағалау процесінің бастамашылары.

Ақпаратты тарату көздері: университет, институттар Кеңестері, университет сайты, «Заңғар» университет газеті және т.б.

5.3.2 Процесті сипаттау

Оқу жылы басталар алдында университеттің мониторингі жүйесіне жауаптылар мониторинг көрсеткіштері мен параметрлерін анықтап, нормативтік құжаттарға қойылатын талаптарды оқып үйренеді

Әлеуметтік мониторинг үшін университет құрылымдарының жетекшілері мониторинг бойынша мамандармен біріге отырып орнатылған мониторинг көрсеткіштері мен параметрлері бойынша сауалнама құрастырады (1-21).

Сауалнама құрамында:

- респондентпен қатынас, зерттеудің мақсаты көрсетіледі;
- зерттеу бағытындағы мәселе бойынша респондентке сұрақтар қойылады;
- қажет болған жағдайда респонденттің мәртебесіне байланысты сұрақтар, мысалы, жынысы, жасы, білімі, тұрғылықты жері және т.б. қойылады.
- бағалау параметрлері.

Институттың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комитеті бекітілген сауалнамалар бойынша жүйелі (жоспар бойынша) сауалнама жүргізеді. Сауалнама білім алушылар, түлектер, оқытушылар, жұмыс берушілер деңгейінде жүргізіледі. Сауалнама жүргізу кезінде "KISS" (keep it simple – қиындатпа!) ережесін қолданған дұрыс.

Сауалнама нәтижелері бойынша талдау жүргізіледі және мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі. Білім беру процестерінің сапа көрсеткіштерін талдау кезінде теріс және оң тенденциялар анықталып, мақсатты (бағытталған) индикаторлармен салыстырылады.

Егер тұтынушылар көрсетілетін қызметке қанағаттанбаса, онда көрсетілетін қызметті жақсарту үшін, тұтынушылардың қажеттіліктерін және анықталған толықтыруларды жақсарту үшін түзету және алдын алу іс-шаралары дайындалып, іске асырылады.

5.3.3 Білім беру сапасы мониторингін ұйымдастыру және басқару

Білім беру сапасының мониторингі жоғарғы басшылықпен, университеттің белгілі мақсаттағы құрылымдық бөлімшелерінің басшылығымен жүзеге асады.

Мониторинг ректор және проректордың басшылығымен бірыңғай әрекет ету негізінде орындалады.

Мониторингті ұйымдастыратын тұлғалар берілген ақпараттың объективтілігі мен нақтылығына, сонымен қатар, мәліметтерді қолданудағы дұрыстығына, оны өңдеуге, нәтижені талдауға жауап береді.

Мониторингтің нәтижесі бойынша аналитикалық материалдар (анықтамалық материалдар, мәліметтер қоры, аналитикалық жазбалар және т.б.), зерттеудің тапсырмасы мен мақсатына сай келетін есептер дайындалады.

5.4 Процестің сәйкестендірілген тәуекелдері

Сәйкестендірілген тәуекелдер: сауалнама жүргізу кезінде респонденттерге объективті емес баға беру.

Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі шаралар: жүргізілетін іс-шаралардың маңыздылығы туралы ақпаратты респонденттерге жеткізу

5.5 Нәтижелілік критерийлері

Университеттің білім беру жүйесінің жағдайын қалыпқа келтіру үшін білім беру қызметі мониторингін 85 % кемітпеу керек.

5.6 Процесті басқару және мониторинг (бағалау) әдістері

Оқу жұмысы жөніндегі проректоры тарапынан бақылау.

6. Құжаттама

Жұмыс жоспары

Қызметтік жазбалар

Университет қызметін бағалау үшін алғашқы деректер

Аналитикалық есептер

Кешенді есеп

Ақпараттық хат

7. Сілтемелер

ҚР «Білім туралы» заңы *(өзгерістер мен толықтырулармен)*.

ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы *(өзгерістер мен толықтырулармен)*.

ҚР СТ ИСО 9001-2015 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

СМЖ.07.ҚР.01. – Ақпараттарды құжаттау.

СМЖ.08.ҚЕ.06. – Ішкі тәртіп ережелері.

СМЖ.08.ҚЕ.28. – Академиялық саясат.

СМЖ.09.ҚЕ.01. – Білім алушыларды ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу туралы.

САУАЛНАМА 1
(білім алушылар үшін)

«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ІСКЕ АСЫРУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУЫ»

Бұл сауалнама білім алушылардың университеттің білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттану деңгейін анықтау және одан әрі арттыру мақсатында дайындалған.

Білім беру қызметтерін көрсету жағдайларына және оқу процесінің сапасына қанағаттану дәрежеңізді бағалаңыз. Әрбір бағаланған критерий бойынша сіздің пікіріңізге сәйкес бағанаға «+» белгісін қойыңыз. «Сіздің ұсыныстарыңыз» бағанасында жақсарту нұсқасын қысқаша көрсетіңіз.

Институт _____

Жоғары мектеп _____

Семестр _____

Курс _____

Білім беру бағдарламасы _____

Білім беру бағдарламалары сапасының сипаттамалары	Қанағат танарлық	Жартылай қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Сіздің ұсыныстарыңыз
1. Оқыту шарттары				
1.1. Материалдық-техникалық база (аудиториялық қордың жағдайы, сабақтардың зертханалық жабдықтармен, көрнекі материалдармен және т.б. қамтамасыз етілуі)				
1.2. Техникалық жабдықталу (оқу үдерісін оқытудың техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі)				
1.3. Кітапханалық және ақпараттық қамтылуы				
1.4. Оқу-тәрбие жұмысының, студенттік өзін-өзі басқарудың, мәдени демалыстың ұйымдастырылуы				
1.5. Университетте дене шынықтыру және спортпен айналысуға жасалған жағдайлар				
1.6. Моральдық-этикалық атмосфера (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар арасындағы қарым-қатынас)				
2. Білім беру үдерісінің сапасы				
2.1. Сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейі				
2.2. ПОҚ-ның біліктілік деңгейі				
2.3. Практикаға бағытталған сабақтардың ұйымдастырылуы				
2.4. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің ұйымдастырылуы				
2.5. Білім алушылардың өзіндік жұмысының ұйымдастырылуы				
2.6. Өндірістік тәжірибенің ұйымдастырылуы				
2.7. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы				
2.8. Университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігі				
2.9. Университетте қашықтықтан оқытудың ұйымдастырылуы				
2.10. Білім алушылардың білімін бағалау мен бақылаудың ұйымдастырылуы				
3. Оқыту нәтижелерінің сапасы				
3.1. Алынған теориялық білім деңгейі				
3.2. Қалыптасқан шеберлігі мен дағдыларының деңгейі				
3.3. Дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі				

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

САУАЛНАМА 2
(білім алушылар үшін)

«КУРС (ПӘН) БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ»

Нақты курс (пән) аясында оқу процесін ұйымдастыру сапасын анықтау мақсатында жүргізілетін әлеуметтік зерттеуге қатысуыңызды сұраймыз. Сауалнама анонимді.

Зерттеу нәтижелері Сіздің жауаптарыңыздың шынайылығына байланысты. Сауалнаманы өңдеу кезінде деректер жалпыланған түрде пайдаланылатын болады. Толтыру үшін сіздің пікіріңізге сәйкес келетін жауаптың бір нұсқасын таңдау және шеңбермен қоршау қажет.

Бағаланатын курс (пән): _____

Жоғары мектеп _____

Оқу түрі: _____

Оқыту тілі: _____

Оқытушының аты-жөні: _____

1. Кестеде келтірілген әрбір бекітуді бағалаңыз

Сұрақтар	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат танарлық	Қанағат танарлықсыз
1. Курстың (пәннің) мазмұнына сіздің көзқарасыңыз				
2. Оқытудың тиімділігі, материалдың жеткізілуі және түсіндірілуі				
3. Курстың ресми ұйымдастырылуы (силлабус, тапсырмалардағы жүктеменің үлестірілуі және т.б.)				
4. Курсты оқыту барысында көрнекіліктердің пайдаланылуы (слайд, сызб а, сөздік мысалдар және т. б.)				
5. Курста қаралған тақырыптардың өзектілігі мен құндылығы				
6. Білім алушылардың өз пікірін білдіру және бастаманы білдіру мүмкіндігі				
7. Курс мазмұнын қалыптастыруға білім алушылардың қатысу мүмкіндігі				
8. Білім алушылардың бағалау формалары мен әдістерін ұсыну мүмкіндігі				
9. Курс бойынша игерілген ақпараттың көлемі				
10. Материалдардың курсқа сәйкестігі				
11. Пән және осы пән бойынша сабаққа қатысулар				
12. Осы курсты (пәнді) жүргізетін оқытушының жеке және кәсіби қасиеттерін бағалаңыз				
13. Беріп отырған материалға оқытушының құзыреттілігі мен сенімділігі				
14. Білім алушылардың оқыту процесіне қатысуы мен белсенділігі				
15. Сабақ өткізуге шығармашылық көзқарас				
16. Білім алушылардың сұрақтарына жауап беру сапасы				
17. Қосымша көмек және кеңес алу үшін қол жетімділік				
18. Білім алушылардың жетістіктеріне оқытушының қызығушылығы				
19. Баға қою жүйесінің ашықтығы мен объективтілігі				
20. Курс бойынша талаптардың адекваттылығы мен логикалығы				

2. Осы курсқа дайындалу үшін аптасына орташа қанша сағат жұмсадыңыз

Қызмет түрлері	0	1-2	3-5	6-8	9-12	12-ден астам
1. Интернетте жұмыстану						
2. Кітапханада жұмыстану						
3. Меншікті көздер мен ресурстар негізінде үйде дайындалу						

3. Курстың күрделілік деңгейін бағалаңыз

1. Өте күрделі	
2. Күрделі	
3. Орташа күрделі	
4. Күрделі емес	

4. Бағаланатын курстың (пәннің) тиімділігі мен нәтижелілігіне қандай келесі жұмыс түрлері әсер етеді?

Жұмыс түрлері	Негізгі	Айтарлық тай	Елеусіз	Әсері жоқ
1. Аудиториялық сабақтар (дәрістер, семинарлар, практикалық, зертханалық)				
2. Нақты өндірістегі/кәсіпорындағы көшпелі оқу сабақтары				
3. Практика базаларындағы аудиториядан тыс сабақтар (экскурсиялар, әлеуетті жұмыс орындарына бару және т. б.)				
4. Жобаларды орындау (тақырыптық, шығармашылық және т. б.)				
5. Жеке кеңестер (аудиториядан тыс кеңестер, БАОӨЖ)				
6. Бизнес-байланыстарды орнату (тар бейінді мамандарды сабаққа шақыру, қонақ дәрістері және т.б.)				

5. Сіздің ойыңызша, осы курс шеңберінде оның тиімділігі мен нәтижелілігін арттыратын қандай жұмыс түрлерін көргіңіз келеді?

6. Жалпы Сіздің осы пәнге қанағаттанушылығыңызды бағалаңыз, %

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

САУАЛНАМА 3
(білім алушылар үшін)

«ОҚЫТУШЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР КӨЗ-ҚАРАСЫМЕН»

Оқу үдерісін жетілдіру мақсатында профессор-оқытушылар құрамының жұмысын бағалауға қатысты сауалнама жүргізіледі. Әрбір сұрақ бойынша сіздің пікіріңізге сәйкес келетін позиция нөмірін шеңбермен қоршаңыз. Сауалнамаға қатысу анонимді болып табылады. Нәтижелер тек жалпыланған түрде қолданылады.

Институт _____

Жоғары мектеп _____

Оқу түрі (білім гранты бойынша, ақылы) _____

Оқытушының Т.А.Ж. _____

Баға баллмен он балдық шкала бойынша қойылады.

Бағалау критерийлері:

10 – өте жақсы

8 – жақсы

6 – қанағаттанарлық

4 – қанағаттанарлықсыз

2 – делдал

0 – бағалай алмаймын

1. Дәріс мазмұны тұрғысынан оқытушының сабақтарын бағалаңыз

Пікірлер	Баға (баллмен)					
	10	8	6	4	2	0
1. Оқытушының дәрістері ақпараттық, мазмұнсыз емес						
2. Оқытушы сабақ тақырыбы бойынша білім алушылардың сұрақтарына еркін жауап береді						
3. Сабақ барысында оқытушы білім алушыларды диалог жағдайына қосады						
4. Оқытушы әдетте дәрістерді конспектен («қағаздан») оқиды						
5. Оқытушы дәріс оқу кезінде оқулық мәтінімен шектеледі						
6. Оқытушы материалды баяндауда қателіктер мен дәлсіздіктер жіберуі мүмкін						
7. Оқытушы курспен байланысты емес тақырыптарды талқылауды қолдайды						
8. Оқытушы болашақ мамандық үшін осы пәннің маңыздылығын түсіндіреді						
9. Оқытушы нақты кәсіби тәжірибеден іс-әрекеттік мысалдар келтіреді, өндіріс жағдайларындағы мәселелерді талқылайды және шешеді						

2. Оқытушының сабақтарын ұйымдастыру тұрғысынан бағалаңыз

Пікірлер	Баға (баллмен)					
	10	8	6	4	2	0
1. Оқытушы сабақ тақырыбы бойынша қызықты пікірталасты ұйымдастыра алады						
2. Оқытушыны әдетте, білім алушыларда қандай сұрақтар қиындықтар тудыратыны, қызықтырады						
3. Оқытушы материалды дайын түрде баяндамайды, білім алушыларды игерілген материалға сүйене отырып, өз бетінше іздеу барысында шындықты табуға мәжбүрлейді						

4. Оқытушы сабақтың мақсаты мен жоспарының сұрақтарын нақты тұжырымдайды						
5. Әдетте маған оқытушының материалды баяндау логикасы түсінікті						
6. Әдетте оқытушының сабақта беретін тапсырмалары маған түсінікті						
7. Емтихандағы сұрақтар аудиториялық сабақтардың және өзіндік жұмыстардың мазмұнына сәйкес келеді						
8. Әдетте аудиторияда қаралатын материалға қарағанда өз бетінше жұмыс істеуге арналған сұрақтар (тапсырмалар) күрделі						
9. Өз бетінше орындау үшін оқытушы беретін тапсырмалар маған әдетте түсінікті						
10. Семестр бойы оқытушы өз пәні бойынша бақылау, тексеру жұмыстарын, тесттер жүргізеді						
11. Оқытушы әдетте бізге белгілі бағалау критерийлеріне сүйене отырып, бақылау, тексеру жұмыстарының, тесттердің нәтижелеріне түсініктеме береді						
12. Оқытушы үй тапсырмаларының орындалуын бақылайды						
13. Оқытушы сабақта презентацияларды пайдаланады						
14. Оқытушы білім алушылардың сабаққа қатысуын белгілейді						
15. Оқытушы жіберілген сабақтарды өтеуінді қадағалайды						
16. Оқытушы әдетте оқу кестесін дәл сақтайды (сабақты уақытында бастайды және аяқтайды, үзіліс жасайды)						
17. Оқытушы білім алушыларды ескертпей, сабақты өткізбейді немесе ауыстырады						

3. Оқытушының білім алушылармен коммуникациясына қатысты сұрақтарға жауап беріңіз

Пікірлер	Баға (баллмен)					
	10	8	6	4	2	0
1. Оқытушы дауыс көтереді, білім алушыларға құрмет көрсетпейді						
2. Оқытушының қойған талаптарын білім алушылардың орындамауға себеп болған өмірлік жағдайларын ескермейді						
3. Оқытушы білім алушылардың сабақты ұйымдастыруға, емтихандарды өткізу түріне қатысты тілектерін ескереді						
4. Оқытушы баяндайтын материалымен білім алушыларды қызықтырады						
5. Оқытушы өзінің талаптар жүйесін білім алушылармен келісіп жасайды және оны өзі анық сақтайды, білім алушылардың орындауын қадағалайды						
6. Мен осы оқытушының курсына басқа білім алушыларға ұсынар едім						

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

САУАЛНАМА 4
(білім алушылар үшін)

«ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОЛАРҒА УНИВЕРСИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУМЕН ҚАНАҒАТТАНУЫ»

Осы сауалнаманы толтыруыңызды сұраймыз. Жүргізілген зерттеудің мақсаты білім алушылардың оларға қолдау көрсету деңгейін анықтау болып табылады.

Барлық сұрақтарға нақты жауап беруді сұраймыз, өйткені сіздің жауаптарыңыз оқу сапасын басқару жүйесін жетілдіру үшін эмпирикалық негіз болады.

1. Сіз нешінші курста оқисыз?

- 1) Бірінші.
- 2) Екінші.
- 3) Үшінші.
- 4) Төртінші.
- 5) Бесінші.

2. Жынысыңыз:

- 1) Ер.
- 2) Әйел.

3. Жоғары мектеп: _____

4. Сіз қайда тұрасыз?

- 1) Жатақханада.
- 2) Ата-анаммен.
- 3) Өз тұрғын үйім бар.
- 4) Пәтер жалдаймын.

5. Жатақханада тұру жағдайларыңыз қанағаттандырады ма (егер сіз жатақханада тұрмасаңыз, онда сіз курстастардың әңгімелері бойынша, жатақханаға бір барғаныңызда)?

- 1) Иә, қанағаттандырады.
- 2) Бір бөлмеде көптеген студенттер тұратын сияқты.
- 3) Барлық тұрмыстық жағдайлар жасалмаған.
- 4) Жатақханада тұрудың барлық ережелері қанағаттандырмайды.

6. Сіз әртүрлі ақпараттық анықтамалармен (жолсілтеме, академиялық күнтізбе, элективті пәндер каталогтары және т. б.) қамтамасыз етілесіз бе?

- 1) Иә, 100% қамтамасыз етілулі.
- 2) Студенттерде барлық анықтамалар жоқ.
- 3) Академиялық топқа пакет беріледі.
- 4) Қамтамасыз етілуі жеткіліксіз.
- 5) Қамтамасыз етілмеген.

7. Сіздің ЖОО-да академиялық талаптарды орындай алмайтын білім алушыларға академиялық көмек көрсетіле ме?

- 1) Иә, ережеге сәйкес.
- 2) Барлығына емес.
- 3) Барлық пәндер бойынша емес.
- 4) Жоқ.

8. Студенттік мәселелердің қайсысы Сізді әсіресе толғандырады (үш нұсқадан артық белгілеменіз)?

- 1) Оқу процесін ұйымдастыру сапасы (сабақ кестесі, БАОӨЖ ұйымдастыру және т.б.).
- 2) Оқыту сапасы (сабақ жүргізу, білімді бағалау және т.б.).
- 3) Әкімшілік жұмысы (директорат, тіркеу бөлімі және т.б.).
- 4) Тамақтану сапасы және студенттік буфеттердегі бағалар.
- 5) Жатақханадағы тұрмыстық жағдайлардың сапасы.
- 6) ЖОО мен жатақханада есірткінің таралуы.
- 7) Мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі жұмысқа орналасу.
- 8) Өндірістік практиканы ұйымдастыру сапасы.

9) Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру

10) Басқа проблемалар (дәл не?) _____

9. Сіздің ЖОО-да білім алушылар үшін Интернет қолжетімді ме?

- 1) Күн бойы тегін, қол жетімді.
- 2) Күніне 3 сағаттан артық емес.
- 3) Кестеге сәйкес.
- 4) Тек ақылы.
- 5) Тек қана компьютерлік сыныптарда сабақ кезінде.
- 6) Жоқ.

10. Сізді ЖОО әкімшілігі білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету туралы (төлем бойынша жеңілдіктер, ЖОО гранттарын ұсыну, материалдық көмек көрсету және т. б.) хабардар ете ме?

- 1) Иә.
- 2) «Жоқ»-тан гөрі, «иә» деп айтуға болады.
- 3) «Иә»-дан гөрі, «жоқ» деп айтуға болады.
- 4) Жоқ.
- 5) Әрдайым емес.
- 6) Барлық емес.

11. Кәсіби практикаларды ұйымдастыру мен өткізу сізді қанағаттандыра ма?

- 1) Ерекше шағымдар жоқ.
- 2) Оқытылатын пәндердің алатын мамандыққа сәйкес еместігі алаңдатады
- 3) «Иә»-дан гөрі, «жоқ» деп айтуға болады.
- 4) Жоқ.
- 5) Әрдайым емес.

12. Сіз барлық оқу кезеңінде сіздің ЖОО-да жұмысқа орналастыру жөніндегі қызметтің жұмысын сезінесіз бе?

- 1) Иә.
- 2) Соңғы курс ішінде ғана.
- 3) Бөлу алдында.
- 4) Әзірге сезінбеймін.
- 5) Жоқ.

13. Қолдау қызметін бағалау мақсатында білім алушыларға сауалнама қалай жиі жүргізіледі?

- 1) Семестрде 1 рет.
- 2) Жылына 1 рет.
- 3) Оқудың барлық кезеңінде 1 рет.
- 4) Түрлі тексерулердің алдында.
- 5) Бірінші рет.
- 6) Тұрақты.

14. Білім алушыларға қолдау көрсету деңгейін жақсарту бойынша Сіздің ұсыныстарыңыз

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

САУАЛНАМА 5 (түлектер үшін)

Сіз оқу барысында оқу процесінің тікелей қатысушысы болдыңыз, сондықтан университет қызметінің әр түрлі бағыттары туралы Сіздің пікіріңіз біз үшін маңызды. Білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында Сізден келесі сұрақтарға жауап беріңізді сұраймыз:

1. Жоғары оқу орнын Сіз қай жылы аяқтадыңыз? _____

2. Сіздің мамандығыңыз: _____

3. Оқытудың нақты нәтижелеріне Сіз қаншалықты қанағаттанасыз:

- толық қанағаттанамын
- негізінен, қанағаттанамын
- көбінесе, қанағаттанбаймын
- қанағаттанбаймын
- жауап беруге киналамын

4. Маңсаптық өсуіңізге қаншалықты қанағаттанасыз:

- толық қанағаттанамын
- негізінен, қанағаттанамын
- көбінесе, қанағаттанбаймын
- қанағаттанбаймын
- жауап беруге киналамын

5. Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі мен құзыреттілігіне Сіз қаншалықты қанағаттанасыз:

- толық қанағаттанамын
- негізінен, қанағаттанамын
- көбінесе, қанағаттанбаймын
- қанағаттанбаймын
- жауап беруге киналамын

6. Жұмыс берушілердің кәсіби және жалпы құзыреттілікті қалыптастыруға қосқан үлесі Сізді қаншалықты қанағаттандырады?

- толық қанағаттанамын
- негізінен, қанағаттанамын
- көбінесе, қанағаттанбаймын
- қанағаттанбаймын
- жауап беруге киналамын

7. Университет ұсынатын білім беру және басқа қызметтердің сапасын 1-ден 4-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз:

(1 – қанағаттанбаймын, 4 – толық қанағаттанамын)

- университетте қабылдау рәсімінің ұйымдастырылуы: 1; 2; 3, 4
- университет басшысының білім алушымен кері байланыс ұйымдастыруы: 1; 2; 3, 4
- пәннің оқу-әдістемелік кешенінің сапасы мен қол жетімділігі: 1; 2; 3, 4
- сабақ кестесінің ыңғайлылығы: 1; 2; 3, 4
- оқыту әдістері мен технологиялары: 1; 2; 3, 4
- оқу процесінің компьютермен қамтылуы: 1; 2; 3, 4
- оқытушылар жүргізген кеңестердің қол жетімділігі: 1; 2; 3, 4
- практикалардың ұйымдастырылуы: 1; 2; 3, 4
- кітапхана қызметі: 1; 2; 3, 4
- университетте өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылуы (бөлмелердің болуы, компьютермен қамтылуы және т.б.): 1; 2; 3, 4
- білім алушылардың әлеуметтік қорғалуының ұйымдастырылуы: 1; 2; 3, 4
- университетте тамақтанудың ұйымдастырылуы: 1; 2; 3, 4
- білім алушылардың ғылыми жұмысының ұйымдастырылуы: 1; 2; 3, 4

8. Сіз мамандық бойынша жұмыс жасайсызба?

- ия
- жоқ

9. Егер Сіз мамандық бойынша жұмыс жасамасаңыз, неге:

- орналасу қиын
- жалақысы төмен
- мамандықтың беделі жоқтығы
- басқа (нақты не?) _____

10. Еңбек жолыңыздың басында Сізге қандай дағдылар жетіспеді:

- адамдармен араласу дағдылары
- компьютерде жұмыс жасау дағдылары
- өзін-өзі таныстыру дағдылары
- жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау дағдылары
- жанжалды шешу дағдылары
- кәсіби
- басқа _____

11. Сізге жұмыс табуға кім көмектесті:

- университет
- кадрлық агенттіктер
- еңбек биржасы
- таныстар, туыстар
- ешкім
- басқа (нақты не?) _____

12. Сіздің ойыңызша, университеттегі мамандарды даярлау деңгейі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келедіме:

- ия, толық сәйкес келеді
- сәйкес келеді
- толық сәйкес келмейді
- мүлдем сәйкес келмейді
- бағалау қиын

13. Сіз білім беру қызметінің сапасын жақсарту үшін университетке, бірінші кезекте, қандай іс-шаралар өткізуді ұсынар едіңіз?

14. Сіз жұмыс істейтін ұйымның атауы, қызметіңіз

15. Т.А.Ә. _____

Блнтымақтастығыңыз үшін рахмет!

**САУАЛНАМА 6
(оқытушылар үшін)****«ПОҚ-н ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫМЕН ҚАНАҒАТТАНУЫ»**

Сіздің ПОҚ-ның жұмыс жағдайларымен, біліктілікті арттыру жүйесінің ерекшеліктерімен, ақпараттық қызмет көрсетумен және т.б. қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін әлеуметтік зерттеуге қатысуыңызды сұраймыз. Барлық сұрақтарға нақты жауап беруді сұраймыз, өйткені Сіздің жауаптарыңыз ЖОО-н басқару жүйесін жетілдіру үшін эмпирикалық негіз болады.

1. Сіздің осы ЖОО-дағы жұмыс өтіліңіз?

- 1 жылдан кем
- 1 – 3 жыл
- 4 – 10 жыл
- 10 жылдан астам

2. Сіз жұмыс істейтін ЖОО-ы Сізді немен қызықтырады (жауаптың 4 нұсқасынан артық емес):

1. ЖОО-ның жоғары беделі
2. Жақсы еңбек жағдайлары
3. Білім алушылармен қызықты шығармашылық жұмыс жасау мүмкіндігі
4. Ғылыммен айналысу, өз еңбектерін шығару және өзінің ғылыми әзірлемелерін енгізу мүмкіндігі
5. Жоғары оқу орнының ұжымында жақсы моральдық-психологиялық атмосфера
6. Сабақтан тыс қызықты жұмыс, оқытушы ретінде кәсіби өсу мүмкіндігі
7. Жоғары жалақы
8. Тұрғылықты жеріне жақын
9. Жоғары білімді дамытудың қызықты бағыттары

3. Сіздің ойыңызша, ЖОО-да оқытушылардың білім алушылармен жұмыс жасаудағы негізгі міндеттері:

1. Білім алушыларға оқу пәні бойынша білім беру
2. Білім алушылардың мәдени деңгейін арттыру
3. Білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту
4. Білім алушылардың базалық құзыреттіліктерін қалыптастыру
5. Жоғары білікті маманды дайындау
6. Ғылым негіздерін беру
7. Білім алушыларда белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу
8. Білім алушыларды қоршаған ақиқатты саналы және сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету
9. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
10. Білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын қалыптастыру, өз бетінше білім алуға үйрету
11. Білім алушыларды қоғамға және мамандыққа табысты бейімделуге дайындау

4. Сіз оқитын оқу курстарында Интернеттің электрондық ресурстарын пайдаланасыз ба, егер пайдалансаңыз, қалай?

1. Пайдаланбаймын
2. Бағдарламаларда журналдардағы, кітаптардағы жарияланымдардың электрондық нұсқаларына сілтемелер бар
3. Бағдарламада деректер базалары, статистикалық материалдар бар сайттарға сілтемелер бар
4. Курстардың бағдарламаларының мәтіндері ЖОО сайтының білім беру порталында орналастырылған
5. Білім алушылар үшін қажетті материалдарды, білімді бақылау нәтижелерін және т.б. орналастыруға болатын курстардың интернет-бағдарламалары жасалған
6. Оқу процесін қолдаудың электронды-ақпараттық жүйесін қолданамын

5. Егер Сіз тапсырылған студенттік жазбаша жұмыста анық плагиаттың болуын анықтасаңыз, қалай әрекет етесіз? (біреуін таңдаңыз)

1. Қорытынды бағаны төмендетемін
2. Қатаң ескертумен шектелемін
3. Қанағаттанарлықсыз баға қойып, қайтадан орындауын талап етемін
4. Қанағаттанарлықсыз баға қойып, бірақ қайта орындауды талап етпеймін
5. Егер ЖОО Жарғысында қарастырылған болса, білім алушының оқудан шығарылуына құжаттарды дайындаймын
6. Ештеңе жасамаймын

6. Сіздің ойыңызша, оқу процесінің қандай мәселелері бірінші кезекте шешуді талап етеді

1. Оқу-әдістемелік әдебиеттің жетіспеушілігі
 2. Жеткіліксіз материалдық-техникалық база
 3. Оқу аудиторияларының, зертханалардың қазіргі заманғы жабдықтармен нашар жабдықталуы
 4. Компьютерлік жабдықтың қажеттілігі
 5. Аудиторлық қордың шектеулілігі
 6. Ыңғайсыз сабақ кестесі
 7. Білім алушылардың білімін бағалау мен диагностикалаудың әлсіз жүйесі
 8. Білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасы
 9. Жұмыс берушілердің сұраныстарын есепке алудың жеткіліксіздігі
 10. Өндірістік практиканың дұрыс ұйымдастырылмауы
 11. Білім алушылардың төмен тәртібі
 12. Оқытушы кадрлардың жасаруы
 13. Ғылыми зерттеулер деңгейі
 14. Басқа (көрсетіңіз) _____
-

7. Оқытушыларды аттестаттау нәтижелері қаншалықты объективті? ЖОО аттестациялық комиссиясына сенім артуға болады ма?

1. Ерекше шағым жоқ
 2. Иә, абсолютті объективті
 3. Сенбеймін, объективті емес
 4. Барлығына объективті емес, 50-60 % сенім артамын
 5. Басқа пікір (нақты?): _____
-

8. Жоғары мектептің педагогикалық жүктемесін сабақ түрлері бойынша бөлу Сізді қанағаттандыра ма?

1. Иә
 2. Жоқ
 3. Әрдайым емес
 4. Басқа пікір (нақты?): _____
-

9. Білім беру бағдарламаларын жасауға Сізді тарта ма? Сіз бұл қажет деп ойлайсыз ба?

1. Иә, бұл білім беру процесінің сапасын арттыру үшін өте пайдалы деп есептеймін
 2. Жоқ, қажет емес деп ойлаймын
 3. Кейбір жағдайларда қажет
 4. Басқа пікір (нақты?): _____
-

10. Жоғары оқу орнының қатысуымен өз біліктілігіңізді қаншалықты жиі арттырасыз?

1. Өз қалауым бойынша
2. 3 жылда 1 рет
3. 5 жылда 1 рет
4. Жыл сайын түрлі курстардан өтемін
5. Бекітілген кестеге сәйкес

11. ЖОО-ң имиджін көтеру бойынша Сіздің үлесіңізді лайықты бағалайды деп санайсыз ба?

1. Иә
2. Жоқ
3. Әрдайым емес

12. Сіз ЖОО әкімшілігінің оқытушыларды әлеуметтік қолдауына қанағаттанасыз?

1. Иә
2. Жоқ
3. Әрдайым емес

13. ЖОО ұжымында "команда", "корпоративтік рух" деген ұғымдар бар ма?

1. Иә
2. Жоқ
3. Жауап беруге қиналамын

14. ПОҚ-ң ғылыми-зерттеу жұмыстарына ЖОО-ң қатысуы деңгейіне қанағаттанасыз ба (диссертация дайындауда, оқулықтар, әдістемелік әзірлемелер шығару кезінде)?

1. Иә
2. Жоқ
3. ЖОО-ң қатысуы барлық адамдар үшін жүзеге асырылмайды

15. ЖОО әкімшілігі оқытушының қоғам өмірге қатысу бастамасын қалай бағалайды: аймақ, қала, облыс, республика (мәдени орта құру, шығармашылық конкурстар мен көрмелерге, қайырымдылық бағдарламаларға қатысу және т. б.)?

1. Оң, көтермелеу кезінде ескеріледі
2. Теріс
3. Жалпы бағаланбайды

16. Еңбек жағдайлары мен жалақы бойынша оқытушылардың шағымдарына әкімшілік қалай қарайды?

1. Қалыпты, ашуланбай бәрін түсіндіреді
2. Теріс
3. Немқұрайлы

17. Сіздің ЖОО ұжымындағы психологиялық ахуалды қалай бағалайсыз?

1. Мейірімді
2. Бейтарап
3. Кернеулі

18. Сіздің ойыңызша, оқытушылардың оқу процесі мен кәсіби қызметін жетілдіру үшін не істеу керек? Жазыңыз, өтінеміз!

19. Егер жұмыс орнын ауыстыру мүмкіндігі болса, Сіз осы ЖОО қайта таңдайсыз ба?

1. Иә
2. Жоқ
3. Білмеймін

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

**САУАЛНАМА 7
(оқытушылар үшін)****«ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҒЗЖ-ға ҚАТЫСУЫ»**

Жүргізілетін зерттеудің мақсаты Сіздің ЖОО оқытушыларының ҒЗЖ ұйымдастыруымен қанағаттанушылық деңгейін анықтау болып табылады. Барлық сұрақтарға нақты жауап беруіңізді өтінеміз, өйткені Сіздің жауаптарыңыз ЖОО-да ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру үшін эмпирикалық негіз болады. Осы сауалнаманы толтыруыңызды сұраймыз.

1. Сіздің жасыңыз?

- 1) 25 жасқа дейін
- 2) 26 – 40 жас
- 3) 41 – 60 жас
- 4) 60 жас және одан жоғары

2. Сіздің жынысыңыз: _____**3. Сіз жұмыс жасайтын жоғары мектеп:** _____**4. ЖОО-ғы лауазымыңыз:** _____**5. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:** _____**6. ЖОО-ғы жұмыс өтілі:** _____**7. Сіздің ЖОО оқытушысы қызметінің құрамдас бөлігі ретінде ҒЗЖ-ға көзқарасыңыз:**

1. Маған ғылыми қызметпен айналысу өте ұнайды
2. Ғылыми қызметке немқұрайлы қараймын
3. Әкімшіліктің талабы бойынша ғылыммен айналысамын
4. Жауап беруге қиналамын

8. Егер Сізде оқытушының кәсіби функциялары арасында таңдау мүмкіндігі болса, ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігін таңдар ма едіңіз?

1. Иә
2. Жоқ
3. Білмеймін

9. Қандай пікірлер Сіздің кәсіби қалауыңызға сәйкес келеді?

1. Мен ғалым ретінде де, оқытушы ретінде де бірдей табыстымын
2. Менде оқытушылық қызметке қарағанда ҒЗЖ табысты жүзеге асырылады
3. Мен ғалымға қарағанда оқытушы ретінде табыстысым
4. Оқытушылық және зерттеу қызметінде менің жетістіктерім өте қарапайым

10. Сізге сабақ беретін өз оқу пәндеріңіз ұнайды ма?

1. Өте ұнайды
2. Мен бей-жай қараймын
3. Мүлдем ұнамайды

11. Қазіргі заманғы ғылым, бірінші кезекте, ЖОО-ң оқытушыларымен жасалатындығымен келісесіз бе?

1. Онымен келісемін
2. Бұл туралы ойланбадым
3. Мүлдем келіспеймін

12. ЖОО-да халықаралық ғылыми байланыстарды орнату және қолдау үшін қажетті қызметкерлердің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған біліктілікті арттыру жүзеге асырыла ма (шет тілдерін үйрену, ғылыми қорлар қызметімен, халықаралық гранттар мен т.б. рәсімдеу ережесімен танысу)?

1. Иә
2. Жоқ

13. Сіздің ойыңызша, қазіргі ЖОО мен оқытушылардың негізгі міндеттері қандай болып табылады (сіздің көзқарасыңыз бойынша ең маңызды 3 міндетті таңдаңыз):

1. Білім алушыларға оқу пәні бойынша білім беру
2. Тиісті білім салаларында фундаментальды/қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру
3. Білім алушылардың мәдени деңгейін көтеру
4. Қолданбалы зерттеулер арқылы өндірісті дамытуға жәрдемдесу

5. Білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту
6. Жоғары білікті мамандарды даярлауды жүзеге асыру
7. Оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету үшін оқу және оқу-әдістемелік өнімдерді әзірлеу
8. Білім алушыларда белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу
9. Тиісті салалардың практикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ықпал етуге міндеттеу
